


## Технологиялық құрылым



- ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар
- машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға және күрделі жөндеуге кеткен шығындар
- негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар

## Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

млн. теңге

Жыл	Негізгі капиталға салынған инвестициялар	Соның ішінде			басқа да қарыз қаражаты
		бюджет қаражаты	меншікті қаражаты	банктердің кредиттері	
2017	8 770 572	1 432 805	5 959 295	637 205	741 267
2018	11 179 036	1 421 155	8 177 424	704 829	875 627
2019	12 576 793	1 527 038	9 803 540	414 231	831 983
2020	12 270 144	2 351 433	8 432 198	286 766	1 199 746
2021	13 242 233	2 071 304	9 362 767	345 372	1 462 789

2021 жылы экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталына салынған инвестициялардың (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда) өткен жылмен салыстырғанда 119%-ға дейін өсуі байқалады.

Елеулі инвестициялық жобаларды іске асыру экономикалық қызметтің жекелеген түрлерінің негізгі капиталына инвестициялардың өсуін қамтамасыз етеді.

Осылайша, Орталық Азиядағы ең үлкен мешіттің құрылысы басқа да қызмет түрлерін көрсетуге бағытталған негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуін (екі есеге жуық) түсіндіреді. Бұдан басқа, өңдеу өнеркәсібінде, сондай-ақ көтерме және бөлшек саудада 2020 жылмен салыстырғанда 1,3 есе өсуі байқалады.

## Қысқаша әдіснамалық түсініктемелер

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілер салу, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды, инженерлік ғимараттарды күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту бойынша жұмыстар кіретін, құрылыс қызметін жасалған құрылыс мердігерлік шарттары бойынша жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған құрылыс жұмыстарының құны жатады.

Құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) нақты көлем индексі дефляторды (баға индексі) есепке алумен, талданатын кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстары көлемінің нақты қолданыстағы бағалардағы алдыңғы кезеңге арақатынасымен айқындалады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы - бүкіл тұрғын үйдің жалпы алаңы мен барлық тұрғын емес үй-жайлар алаңының, сондай-ақ тұрғын үйдің ортақ мүлік болып табылатын бөліктері алаңының жиынтығы ретінде есептеледі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар – жаңа құрылысқа, кеңейтуге, сонымен қоса объектінің бастапқы құнының көбеюіне әкелетін объектілерді қайта құру мен жаңарту, машина, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға, негізгі табынды, көпжылдық екіпелерді қалыптастыруға және т.б. бағытталған инвестордың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді алу мақсатында қаражаттарды салуы.

Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар – жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлердің, жатақханалардың, әлеуметтік топтарға арналған тұрғын ғимараттардың құрылысына кеткен шығындар.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі инвестициялық салымдардың серпіндегі өзгерісін сипаттайды, есепті және салыстырмалы кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы арақатынасымен айқындалады.

## Сізге толығырақ ақпарат керек пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі көрсеткіштерімен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында танысуға болады.

«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинақ жыл сайын қараша айында шығарылады және «Ресми статистика» / «Жарияланымдар» айдарымен орналастырылады. Сондай-ақ, «Ресми статистика» / «Салалар бойынша» / «Құрылыс статистикасы» айдарында «Қазақстан Республикасындағы құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы» және «Ресми статистика» / «Салалар бойынша» / «Инвестициялар статистикасы» айдарында «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет туралы» бюллетендер берілген.

## Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаментіне хабарласыңыз:

**Шәуенова Әсел Сауқымбекқызы**  
Департамент директоры  
Тел. +7 7172 749056  
E-mail: [a.shauenova@aspire.gov.kz](mailto:a.shauenova@aspire.gov.kz)

## Біздің мекенжайымыз:

010000, Қазақстан Республикасы  
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8  
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс  
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011  
Факс: +7 7172 749546  
E-mail: [e.stat@aspire.gov.kz](mailto:e.stat@aspire.gov.kz)  
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>


Таралымы: 300 дана.



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі



## Сіз мұны білесіз бе...

2021 жылы «Керуен-Сарай» туристік кешені пайдалануға берілді. Нысан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қарама-қарсы 20 гектардан астам аумақта орналасқан. Кешен құрамына Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшесі, «ұшатын театр», ат шоуларына арналған амфитеатр, сауда аркадалары мен бутиктер, спа-фитнес-орталық, кинотеатр, отбасылық ойын-сауық орталығы кіреді. Барлық имараттар «Қайықтар шеруі» театрландырылған шоу өтетін су арнасымен біріктірілген. Мұнда төрт мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. «Керуен-Сарай Орталық Азияда теңдесі жоқ және аймақтағы инвестиция тартудың негізгі орталығына айналмақ


Құрылыс саласыжаңағимараттар мен құрылыстарды, басқа да құрылыс объектілерін құруға, сондай-ақ өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды кеңейтуге, реконструкциялауға бағытталған экономиканың нақты секторы сегменттерінің бірі болып табылады.

### 2021 жылы Қазақстандағы құрылыс секторы

2021 жылы орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 5530,7 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға артық.



### Құрылыс жұмыстарының технологиялық құрылымы



Құрылыс жұмыстарының технологиялық құрылымында 2021 жылғы қорытындысы бойынша ең көп үлесті құрылыс-монтаж жұмыстары 86,8%, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары тиісінше 6,5% және 6,7% құрайды.


Құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы республиканың он бес аймағында байқалды. Бұл ретте айтарлықтай өсім Шымкент (20,7%) және Алматы (20%) қалаларында, Маңғыстау (17,8%), Жамбыл (14,1%) және Павлодар (12,5%) облыстарында байқалады.

### Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

	млн. теңге				
	2017	2018	2019	2020	2021
Қазақстан Республикасы	3 509 296	3 862 995	4 431 666	4 934 069	5 530 681
Ақмола	123 361	109 918	136 826	166 521	191 813
Ақтөбе	157 313	180 589	194 145	204 767	221 286
Алматы	257 623	278 117	292 164	310 689	358 414
Атырау	566 961	638 235	867 851	872 594	960 369
Батыс Қазақстан	111 879	135 293	174 713	177 818	198 409
Жамбыл	112 527	126 236	141 831	186 849	217 886
Қарағанды	170 992	217 673	433 918	466 735	452 474
Қостанай	82 480	108 598	117 777	151 644	175 297

	2017	2018	2019	2020	2021
Қызылорда	73 467	93 939	146 352	107 539	103 713
Маңғыстау	199 417	212 902	185 055	207 414	253 417
Павлодар	182 252	198 025	208 055	219 482	256 681
Солтүстік Қазақстан	65 477	79 406	88 070	97 255	108 764
Түркістан	130 759	139 961	183 146	301 030	328 128
Шығыс Қазақстан	240 821	262 188	284 060	359 272	402 350
Нұр-Сұлтан қаласы	610 970	508 515	525 475	575 566	636 614
Алматы қаласы	315 796	346 131	364 594	403 039	509 110
Шымкент қаласы	107 201	227 269	87 633	125 854	155 955

### Салынып жатқан объектілердің жекелеген түрлері бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі




2021 жылғы ең көп жұмыс көлемі тұрғын үйлер, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілері, жылжымайтын мүлік, тау-кен және өңдеуші өнеркәсіп объектілері, сондай-ақ білім беру мекемелері ғимараттарының құрылысында орындалған.


### Объектілерді пайдалануға беру

2021 жылғы қорытындысы бойынша пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы саны 42,7 мың бірлікті құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 10,3%-ға жоғары. 2021 жылы пайдалануға берілген пәтерлер саны 149,5 мың бірлікті құрады.

### Тұрғын үй құрылысындағы нақты көлем индекстері




### Пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени нысандар



Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бойынша (млрд. доллармен) Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында Ресейден кейін екінші орын алады.

### ЖІӨ-дегі негізгі капиталға инвестициялардың үлес салмағы



### Инвестициялық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің серпіні

	млн. теңге				
	2017	2018	2019	2020	2021
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	8 770 572	11 179 036	12 576 793	12 270 144	13 242 233
Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар	1 022 482	1 201 296	1 475 500	1 989 281	2 434 297

